ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 18 наурыз № 2301-25-00-2/398 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.М. Момынжанов,
сот отырысының хатшысы ретінде Ш.М.Борисованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қағрады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма)

ЖАУАПКЕР:
«СК Шанырак Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік)

ДАУДЫҢ НЫСАНЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ТАЛАП ҚОЮШЫ ЖАҒЫНДА ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі С.М. Орынғалиева
жауапкер өкілі Б.Г.Рахманов
үшінші тұлға Е. Кемелбаев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 6 сәуірдегі Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (бұдан әрі - сот) шешімімен

Управление по государственным закупкам и коммунальной собственности Атырауской области АО Орынгалиева С.М.

«Тасжол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - «Тасжол» ЖШС) банкрот деп танылған.

Соттың шешімі заңды күшіне енген.

2023 жылғы 22 желтоқсандағы соттың ұйғарымымен Банкроттық басқарушы Ж.Б.Курмановтың қорытынды есебі және «Тасжол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тарату теңгерімі бекітілген.

2024 жылғы 18 қарашада Басқарма «Кеңөзек ауылдық округі әкімі аппараты» ММ үшін «Атырау қаласы Тасқала ауылында қоқыс контейнерлерін қоршау жұмыстары» мемлекеттік сатып алуға ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру жариялаған.

Сатып алу сомасы 28 068 434.00 теңге.

Көрсетілген конкурс бойынша өтінімдерді қабылдаудың бастау мерзімі – 2024 жылғы 19 қараша, аяқталуы 2024 жылғы 4 желтоқсан.

Өтінімдердің толықтырылғандарын қабылдау мерзімінің басталуы 2024 жылғы 9 желтоқсан, 2024 жылғы 12 желтоқсан.

Көрсетілген конкурсқа қатысу үшін Серіктестік құжаттарын тапсырған.

2024 жылғы 11 қарашада Серіктестік құрылыспен байланысты емес жұмыстарды сатып алу кезіндегі біліктілік және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар туралы мәліметтер конкурстық құжаттамасында көрсетілген материалдық ресурстарына Автогрейдер GR-180 мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі ABD703E, дәнекерлеу қондырғысы (сварочный агрегат АДД-4004) мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі E115AFD, маркасы «HONGYAN» самосвал автокөлік құралы мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі E726EO (бұдан әрі - «HONGYAN» автокөлігі), және «МАЗ 5551-020» самосвал автокөлік құралы мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі E727AX (бұдан әрі - «МАЗ» автокөлігі) ұсынған.

2024 жылғы 11 желтоқсанда Серіктестік пен «Тасжол» ЖШС арасында №10 жалдау шарты жасалып, жауапкер көрсетілген техникаларды жалға алған.

2025 жылғы 27 желтоқсанда Департаменті «Атырау қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - Бөлім) және «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жетісу облысының полиция Департаменті» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Полиция Департаменті) көрсетілген техникалардың тіркелгендігі немесе тіркелмегендігі туралы хат жолдаған.

2025 жылғы 5 қаңтардағы Бөлімнің жауап хатына сай, «Тасжол» ЖШС-нің меншігінде жылжымалы мүліктері тіркелмеген.

2025 жылғы 5 қаңтардағы Полиция Департаментінің жауап хатына сай, «Тасжол» ЖШС-нің меншігіне тіркелген маркасы «HONGYAN» автокөлігі 2008 жылғы 16 сәуірде тіркеліп, 2023 жылғы 19 желтоқсанда өтелдеуіне байланысты есептен шыққан. Маркасы «МАЗ» автокөлігі 2002 жылғы 14 мамырда тіркеліп, 2023 жылғы 19 желтоқсанда өтелдеуіне байланысты есептен шыққан.

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 26.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 05.06.2025, судья Момынжанов Ж. М., 05.07.2025
2301-25-3-1/429

Басқарма талап қоюда Серіктестің конкурсқа қатысу барысында анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанын негізге алып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Пікірінде жауапкер өкілі талап қоюды мойындамай, талап қою Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 217 тармағына қайшы келетіндігін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Сотта талап қоюшы өкілі С.М. Орынғалиева талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі Б.Г.Рахманов пікірінде көрсетілген уәждерін қолдап, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Үшінші тұлға Е. Кемелбаев 2024 жылғы 24 желтоқсандағы «АруАзт» ЖШС-нің шағымы негізінде Департаментіпен жоғарыда көрсетілген конкурс бойынша тексеріс жүргізіліп, нәтижесінде Серіктестің конкурсқа қатысу барысында анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болған, бұдан әрі - Заң) 2-бабының 1-тармағына сәйкес, анық емес ақпарат-әлеуетті өнім берушінің конкурсқа (аукционға) қатысуға өтінімінде қамтылған, сол сияқты әлеуетті өнім берушінің ұсынылған өтінімінің шынайы мазмұнын бұрмалайтын және шындыққа сәйкес келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Заңның 11-бабы 1,2-тармақтарымен көзделгендей, біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша беретін ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, оның ішінде тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде анықтауы мүмкін.

Заңның 12-бабы 4-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі:

Управление государственным закупкам и коммунальной собственности Атырауской области Орынгалиева С.М.

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 26.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.06.2025, судья Момынжанов Ж. М., 05.07.2025

2301-25-3-1/429

-біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 9-бабының 1-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары қойылған.

Іс-құжаттарына сай, жауапкер конкурстық құжаттамасында материалдық ресурстарына Автогрейдер GR-180 мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі ABD703E, дәнекерлеу қондырғысы (сварочный агрегат АДД-4004) мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі E115AFD маркасы «HONGYAN» және «МАЗ» автокөліктерін ұсынған.

Сотпен анықталғаны, көрсетілген техникалар жауапкердің меншігіне тіркелмеген.

Сонымен қатар, жауапкердің конкурстық құжаттамасында келтірілген техникаларды көрсету барысында үшінші тұлғалармен жалға алу туралы шарты болмаған.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысында ұсынған 2019 жылғы 1 шілдедегі Серіктестік пен «Тасжол» ЖШС арасында жасалған №5 жалдау шартының көшірмесіне сын көзбен қарайды, себебі бұл шарттың әрекет ету мерзімі 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін, яғни жауапкердің конкурсқа қатысу барысында оның заңды күші болмаған.

Онымен қоса, Серіктестік пен «Тасжол» ЖШС арасында 2024 жылғы 11 желтоқсанда жасалған №10 жалдау шарты қисынсыз болып табылады, өйткені «Тасжол» ЖШС 2023 жылғы 6 сәуірдегі соттың шешімімен банкрот деп танылған, яғни шарттың заңды күші жоқ.

Оның үстіне, Полиция Департаментінің 2025 жылғы 27 желтоқсандағы және 18 наурыздағы хаттарына сәйкес, «Тасжол» ЖШС-нің меншігіне тіркелген маркасы «HONGYAN» автокөлігі 2008 жылғы 16 сәуірде тіркеліп, 2023 жылғы 19 желтоқсанда өтелдеуіне байланысты есептен шыққан. Ал, Маркасы «МАЗ» автокөлігі 2002 жылғы 14 мамырда тіркеліп, 2023 жылғы 19 желтоқсанда өтелдеуіне байланысты есептен шыққан.

Бұл жағдай жауапкердің конкурсқа қатысу барысында көрсетілген автокөліктердің болмағандығын (жоқ екендігін) көрсетеді.

Бұл мән-жайды кері шығаратын дәлелдемелерді жауапкер АПК-нің 72-бабына сай сотқа ұсынбады. Бұл оның процессуалдық олқылықтары болып табылады.

Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды (АПК-нің 73-бабының 1-бөлігі).

Өз кезегінде, сотқа шешімді болжамдаудың негізінде құрастыруға тыйым салынған.

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 26.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.06.2025, судья Момынжанов Ж. М., 05.07.2025

Осылайша, жауапкер мемлекеттік сатып алу конкурсына шынайы мәлімет ұсынбауы оған Заңның 12-бабы 4-тармағының 1)-тармақшасында көзделген салдарға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 8-бабының 4, 5-тармақтарына сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер - бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың басқа тұлғаға зиян келтіруге, құқықты өзге нысандарда теріс пайдалануға, сондай-ақ құқықты оның мақсатына қайшы келетіндей етіп жүзеге асыруға бағытталған әрекеттеріне жол берілмейді.

Осы баптың 3-6-тармақтарында көзделген талаптар сақталмаған жағдайда сот адамға тиесілі оның құқығын қорғаудан бас тарта алады (АК-тің 8-бабының 7-тармағы).

Бұл жағдайда, сот жауапкердің конкурсқа қатысу барысында өзіне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде әділ әрекет жасамай, заң талаптарын сақтамаған деп тауып, оған тиесілі оның құқығын қорғаудан бас тартады.

Жоғарыда көрсетілген негіздерге байланысты және қолданыстағы заң талаптарына сәйкес, сот жауапкердің мемлекеттік сатып алу конкурсына шынайы мәлімет ұсынбағанын, талап қоюшының Заңның 12-бабы 4-тармағында белгіленген мерзімде сотқа жүгінгенін ескеріп, әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, талап қою қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-тің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 (0,5 АЕК=1 966 теңге) теңге мемлекеттік баж өндірілуі қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «СК Шанырак Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«СК Шанырак Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«СК Шанырак Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 26.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 05.06.2025, судья Момынжанов Ж. М., 05.07.2025
2301-25-3-1/429

Шешімге түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Атырау облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым немесе прокурордың өтінішхаты келтіруге мүмкін.

Судья **Ж.М. Момынжанов**

Управление по государственным закупкам и коммунальной собственности Атырауской области\АОрынгалиева С.М.

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 26.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.06.2025, судья Момынжанов Ж. М., 05.07.2025